

« БЕКІТЕМІН »  
«Burg medical  
Almaty Sema Hospital»  
Директоры,  
М.Ғ.Д. Қайрбаев М.Р.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019ж.



**«Burg medical  
Almaty Sema Hospital»  
МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ  
ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ**

*Алматы, 2019*

# МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ

Мазмұны:

I. Жалпы ережелер

II. Медицина қызметкері және қоғам

III. Медицина қызметкері және емделуші

IV. Медицина қызметкерлерінің алқалылығы

V. Дәрігерлік құпия

VI. Этикалық кодекстің қолданылу шегі, оны қайта қарау тәртібі және оны бұзғандығы үшін жауапкершілігі.

## **I. Жалпы ережелер**

1. Медицина қызметкерінің этикалық кодексі (бұдан әрі - Кодекс) медицина қызметкерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында басшылыққа алуға нұсқау берілген этикалық нормалар мен мінез-құлық ережелерінің жиынтығы болып табылады.

2. Кодекс ережелері «Birc medical Almaty Sema Hospital» барлық медицина қызметкерлеріне таралады.

## **II. Медицина қызметкері және қоғам**

3. Медицина қызметкерінің кәсіби қызметіндегі басты мақсаты – адам өмірін сақтап қалу, аурулардың профилактикасы және денсаулықты қалпына келтіру. Сондай-ақ емделмейтін аурулар барысында олардың азап шегуін азайту. Медицина қызметкері өзінің міндетін Гиппократ антын, адамгершілік және жанашырлық принциптерін басшылыққа ала отырып орындайды.

4. Медицина қызметкері өз шешімдері мен әрекеті үшін толық жауапкершілікке ие, сол үшін ол жүйелі түрде өз білімін жетілдіріп отыруы тиіс.

5. Медицина қызметкері өз жұмысында өзіне мәлім және қолдануға рұқсат етілген медицина ғылымының соңғы жетістіктерін пайдалануы тиіс.

6. Медицина қызметкеріне материалдық, жеке басының пайдасы мотивтері кәсіби шешім қабылдауына әсер етпеуі қажет.

7. Медицина қызметкері дәрілік препараттарды даярлаушы фирмалардан және таратушылардан олардың ұсынған дәрілері үшін сыйақылар қабылдамауы тиіс.

8. Медицина қызметкері дәрілер тағайындау барысында медициналық көрсеткіштерді және науқастың қызығушылығын қатаң түрде басшылыққа алуы тиіс.

9. Медицина қызметкері кез-келген мұқтаж жандарға жасына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, діни көзқарасына, әлеуметтік жағдайына, саяси көзқарастарына, азаматтығына және өзге де медициналық емес факторларға, сондай-ақ материалдық жағдайына қарамастан медициналық көмек көрсетуі тиіс.

10. Медицина қызметкері өзі жұмыс істейтін мекемеге қатысты өзіне алған міндеттерді адал атқаруы тиіс.

11. Студенттер мен жас мамандарға тәлім беретін медицина қызметкерлері өзінің мінез-құлқымен және өз міндеттерін орындауға деген қатынасымен еліктеуге лайықты үлгі бола білуі тиіс.

12. Медицина қызметкері өзіне белгілі құралдармен (газеттер, журналдар, радио, телевидение, сұхбат және т.б.) салауатты өмір салтын насихаттауға міндетті, қоғамдық және кәсіби этикалық нормаларды сақтай білуде үлгі болуы тиіс.

13. Медицина қызметкері өзінің кәсіби тәуелсіздігіне лайықты медицина қызметкерінің абыройын төмендетпейтін және емделуші мен оның кәсіби қызметіне зиян келтірмейтін өзге де іс-әрекеттермен шұғылданыуы мүмкін.

14. Медицина қызметкерінің жеке практикамен шұғылданыуы заң арқылы реттеледі.

15. Медицина қызметкері қызмет ететін адамгершілік мақсаттар оның жеке абыройын, жеткілікті материалдық қамтамасыздығын, кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауға арналған заңды қорғанысты талап етуге негіз болады.

16. Медицина қызметкерінің медициналық этика талаптарын сақтауын бақылауды тікелей басшылары жүзеге асыратын болады.

### **III. Медицина қызметкері және емделуші**

18. Медицина қызметкері емделушіге көрсетілетін медициналық көмекке жауап береді. Өз жұмысында ол Қазақстан Республикасының заңнамаларын, қолданыстағы нормативтік құжаттарды (медицина стандарттарын) басшылыққа ала отырып, аурулардың ерекшеліктерін ескеру арқылы, ескертулердің шеңберінде науқастардың қызығушылығын жетекке ала отырып, әрбір нақты жағдайда анағұрлым тиімді деп санаған профилактика, диагностика және емдеу әдістерін таңдайды. Қажет болған жағдайда медицина қызметкері өз әріптестерінің көмегін пайдалануға міндетті.

19. Медицина қызметкері өзі көрсететін көмек сапасын ең жоғары деңгейде көрсетуге бар күшін салуы тиіс.

20. Медицина қызметкері емделушіні орынсыз тәуекелмен сынамауы тиіс, әсіресе өз білімдерін адамгершілікке қарсы мақсатқа пайдаланбауы тиіс. Медицина қызметкері кез-келген емдеу әдісін таңдау барысында ең алдымен «Зиян келтірме» деген өсиетті басшылыққа алуы тиіс.

21. Медицина қызметкері жедел көмек көрсету жағдайларынан басқа егер науқас пен оның арасында өзара сенімнің жоқтығына көзі жеткен жағдайда, емдеу жүргізу үшін қажетті мүмкіндіктері болмаған жағдайда немесе өзін жеткілікті дәрежеде құзыретті деп санамаса, науқастың жағдайын асқындырмайтын шаралар қолдануға және науқасты емдеуден бас тартуға міндетті. Осы және осыған ұқсас жағдайларда медицина қызметкері тікелей басшыны осы жайлы ақпараттандыруы үшін барлық шараларды қолдануы және науқасқа құзыретті маманды нұсқауы тиіс.

22. Медицина қызметкері емделушінің емдеуші дәрігерді, мекемені және емдеу-профилактикалық шаралар жүргізу туралы қабылдаған шешімін таңдауға деген құқығын құрметті тиіс. Медицина қызметкері емделушінің емдеуге деген ерікті келісімін әдетте науқаспен жеке сұхбаттасу барысында алады. Бұл келісім саналы түрде қабылданып, науқас емдеу әдістері, оларды қолданудың салдары, мүмкін болатын асқынулар, өзге баламалы емдеу әдістері туралы жедел түрде ақпараттануы тиіс. Емделушінің келісімінсіз емдеу-диагностикалық шараларды жүргізу емделушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайларда және оның жағдайды дұрыс бағалау қабілеті болмаған кезде ғана рұқсат етіледі. Осындай жағдайларда шешімді ақылдаса отырып қабылдаған дұрыс. Психикалық аурулармен ауыратын науқастарды емдеу барысында медицина қызметкері психиатриялық көмек көрсету және оны көрсету барысында азаматтардың құқықтық кепілдемелері туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылыққа алуы тиіс. Медицина қызметкері баланы емдеу барысында оның ата-аналары мен қорғаншыларына толық ақпаратты ұсынуға, белгілі бір емдеу әдісін немесе дәрілік заттарды қолдануда олардың келісімін алуға міндетті.

23. Медицина қызметкері емделушінің ар-намысы мен абыройын құрметтеуі, оған мейірімділікпен қарап, оның жеке құпияға деген құқығын құрметтеуі, науқастың жақындары мен туыстарының мазасыздануын түсіністікпен қабылдауы тиіс, және де белгілі бір кәсіби себептерсіз емделушінің және оның отбасы

мүшелерінің жеке ісіне дараласпауы қажет. 24. Медицина қызметкері емделушіге өзінің философиялық, діни және саяси көзқарастарын байланыстыруға құқылы емес. Дәрігердің жеке көзқарастары және кәсіби емес мотивтері диагностика мен емдеуге әсер етпеуі тиіс.

25. Егер емделуші саналы түрде өз көзқарасын білдіруге қабілетті болмаған жағдайда оны оның заңды уәкілі немесе емделушіні тұрақты қорғанысқа алған тұлға білдіруі қажет.

26. Емделуші өзінің денсаулық жағдайы туралы толық ақпарат алу құқысына ие, бірақ ол одан бас тарта алады және оның денсаулық жағдайы туралы хабарлайтын тұлғаны көрсетуі мүмкін.

Егер ақпарат емделушінің денсаулығына едәуір зиян келтіруі мүмкін деп болжанған жағдайда ақпаратты емделушіден жасыру мүмкін. Дегенмен емделушінің нақты талабы бойынша медицина қызметкері оған толық ақпарат ұсынуға міндетті. Науқас үшін жағымсыз болжам болған жағдайда оны мүмкіндігі барынша әдеппен және мұқият жеткізе отырып, қашан да оған өмірді ұзартуға үміт қалдыру, жағымды нәтиже болу мүмкіндігін күту қажет.

27. Емделушінің қалауы бойынша медицина қызметкері өзге медицина қызметкерінің консультациясына деген құқығын жүзеге асыруға кедергі жасамауы тиіс.

28. Медицина қызметкері келесі жағдайларда емделушіні басқа маманға тапсыру арқылы емделушімен жұмыс істеуден бас тартуы мүмкін:

- егер өзін жеткілікті дәрежеде құзыретті деп сезінбесе, тиісті көмек түрін көрсету үшін қажетті техникалық мүмкіндіктері болмаса;

- медициналық көмектің бұл түрі дәрігердің адамгершілік принциптеріне қарсы келсе;

- дәрігер емделушімен терапиялық ынтымақтастық орната алмаған жағдайда болса.

29. Медицина қызметкерінің науқаспен қатынасы барысында өзін-өзі жарнамалауы мүмкін емес.

30. Медицина қызметкері қателік жасау барысында немесе емдеу барысында көзделмеген асқынулардың дамуында ол туралы науқасты, тікелей басшыны ақпараттандыруы тиіс және жедел түрде зиянды салдарды жоюға батылған іс-қимылдарға баруға міндетті.

31. Дәрігер медицина қызметкері өзінің кәсіби міндеттерін псевдонимді пайдаланбай және алған атақтары мен дәрежесін, мәртебесін көрсетпей тек өзінің тегімен ғана іске асыра алады.

#### **IV. Медицина қызметкерлерінің алқалылығы**

32. Медицина қызметкері бүкіл өмір бойы өзін кәсібилікке үйреткендерге деген зор құрметі мен алғыс сезімін сақтай білуі тиіс.

33. Медицина қызметкері медицина қауымдастығының ар-намысы мен жағымды дәстүрлерін қорғауға міндетті. Медицина қызметкерлері бір-біріне құрметпен және мейірімділікпен қарауы тиіс.

34. Медицина қызметкері емделушінің және/ немесе оның туыстарының көзінше өзге медицина қызметкерінің кәсіби біліктілігіне күдік келтірмеуі немесе әлдеқандай бір себептермен абыройын төкпеуі тиіс.

35. Қиын клиникалық жағдайларда медицина қызметкерлері тәжірибесі аз әріптестеріне сыпайы түрде ақыл-кеңестер беруі және көмектесуі тиіс. Бірақ емдеу процесі үшін толық жауапкершілікке тек емдейтін дәрігер ғана ие, ол тек қана науқастың қызығушылығын басшылыққа ала отырып, өз әріптестерінен нұсқау алуға немесе алудан бас тартуға құқылы.

36. Денсаулық сақтау мекемелерінің дәрігер басшылары өзіне бағынысты медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруы туралы қамқорлық танытуы тиіс.

37. Медицина қызметкерлері мекеменің өзге де медициналық және көмекші қызметкерлеріне құрметпен қарай отырып, олардың біліктілігін арттыру туралы тұрақты түрде қамқорлық көрсетуі тиіс.

## **V. Дәрігерлік құпия**

38. Әрбір емделуші жеке құпия сақтау құқығына ие, және медициналық көмек көрсетуге қатысатын дәрігер өзге тұлғалар сияқты емделушінің өлімінен кейін де егер науқас өзгеше әрекетті талап етпесе, тіпті медициналық көмек алу үшін қаралғаны сияқты дәрігерлік құпияны сақтауға міндетті.

39. Құпия науқастың қаралуы мен емделуі барысында алынған барлық мәліметтерге таралады (диагноз, емдеу әдістері, болжам және т.б.).

40. Емделуші туралы медициналық ақпарат ашылуы мүмкін:

- емделушінің өзінің ашық жазбаша хаты бойынша;
- іздестіру, тергеу, прокуратура және сот органдарының мотивті талаптары бойынша;

- егер құпияны сақтау емделушінің және (немесе) өзге тұлғалардың өмірі мен қауіпіне елеулі нұқсан келтірсе (қауіпті жұқпалы аурулар);

- емдеуге өзге мамандарды шақыру барысында бұл ақпарат кәсіби қажетті болған жағдайда.

41. Дәрігер науқасты емдеуге қатысқан тұлғалардың, сондай-ақ кәсіби құпияны сақтауын қадағалауы тиіс.

42. Медициналық ақпараттарға қол жеткізу құқығына ие тұлғалар емделуші туралы барлық мәліметтерді құпия сақтауы тиіс.

43. Ғылыми зерттеулерде, студенттерге білім беруде дәрігерлер білімін жетілдіруде дәрігерлік құпия сақталуы тиіс. Науқасты тек оның келісімімен ғана көрсетуге болады.

## **VI. Этикалық кодекстің қолданылу шегі, оны қайта қарау тәртібі және оны бұзғандығы үшін жауапкершілігі.**

44. Дәрігердің бірінші соты оның өзіндік ар-ожданы. Екіншісі - өзінің жарғысы мен өзге де құжаттарға сәйкес тәртіп бұзушыға жаза қолдану құқығына ие дәрігерлік ассоциацияның атынан шығатын медициналық қауымдастық.

45. Егер бұзылған этикалық нормалар бір мезгілде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерін қамтитын болса, медицина қызметкері заң бойынша жауап береді.

46. Қызметкер оның мінез-құлқы көпшілік алдында талқылауға түсуі мүмкіндігін саналы түрде сараптауы тиіс.

47. Этикалық Кодексті қайта қарау және түсіндіру.

Этикалық Кодексті қайта қарау құқығы мен тәртібі, сондай-ақ оның ережелерін түсіндіру және оған өзгерістер енгізу «Burg medical Almaty Sema Hospital» жанындағы Этика және деонтология бойынша комиссияға тиесілі болып табылады.